

Жаңақала аудандық мәслихатының "Жаңақала ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің , оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 5 қазандағы № 10-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2024 жылғы 3 маусымдағы № 18-13 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 маусымда № 7381-07 болып тіркелді

Жаңақала аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңақала аудандық мәслихатының "Жаңақала ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 5 қазандағы №10-5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7260-07 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін.

көрсетілген шешіммен бекітілген Жаңақала ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

1-тараудың 2-тармағының 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

К. Каменов